

## 1.2 Теңізде мұнай және газды өндірудің бүгінгі жағдайы мен оның болашағы

Бүгінгі таңда құрлықта мұнай мен газ қорының азая бастауы және энергетикалық дағдарыстың күшеюі, теңіз түбінің қойнауында жатқан мұнай мен газ қорлары құрлыққа қарағанда 3 есе көп болып келетін мұнай мен газ ресурстарын кеңінен меңгеруді қажет ете бастады.

Әлем мұхитының жалпы 22%-ы аумағын (шамамен 80,6 млн.км<sup>2</sup>) құрлықтың сулы жері құрайды, және ол үш зонадан тұрады: шельф, құрлықты еңіс, қыр етегі. Теңіз және мұхит түбінің жалпы ауданында мұнай және газға жуықтап 75 млн.км<sup>2</sup> (21%) бай, оның ішінде шельфті аймақта – 19.3 млн.км<sup>2</sup>, құрылықты еңісте – 20,4 млн.км<sup>2</sup> және құрлықты қыр етегінде – 35 млн.км<sup>2</sup>. Соның ішінде игеруге ең мүмкіндігі мол болатын ол шельфті зона.

**Шельф** деп (ағылшынша Shelf) құрлыққа жақын орналасып, онымен геологиялық құрылымы жалпы бірдей болатын, құрлықтың су асты бойынша тұзу болып келетін аймағын түсінеміз. Шельфтің сыртқы шекарасындағы тереңдігі шамамен 100-200 м болып келеді, бірақ кейбір жерлерде 1500-2000 м дейінгі тереңдікке дейін жетеді (Охот теңізі, Оңтүстік-Куриль котловинасы). Шельфтің ені 1-ден 1700 км шегінде (Солтүстік Мұзды мұхиты), орташа алғанда 65-70 км-ді құрайды, ал жалпы ауданы 32 млн.км<sup>2</sup> немесе Әлем мұхитінің 11,3% бетін құрайды. Әлем мұхитының шельфінің негізгі бөлігі (70%) 180 м-ден аспайтын тереңдікте орналасады, ал теңіздің тереңдігі шельф құрлықты еңіске ауысқан аймағында 200-ден 600 м-ге дейін болады.

Барлық жер шары бойынша шельф қырының тереңдігі 120 м, ал континентальды шельфтің орташа еңісі 1,5- 2 м-ден 1 км-ге дейін болатынын көптеген зерттеулер көрсетті.

Мамандардың болжамы бойынша шельфтің 60% ауданы мұнай мен газ қорына өте бай екенін көрсетіп отыр.

Әлемде теңіз кен орындарын ең алғашқы рет 1824 жылдан бастап меңгере бастаған. Осы кезде Баку аймағындағы Апшерон түбегінде жағалаудан 25-30 м жерде мұнай құдықтарын қазып, мұнайды терең емес қабаттардан ала бастаған. Каспий теңізінің жаңғалауларында мұнай-газ кен орындары 100 жыл бұрын игеріле бастаған. 1891 жылдан бастап АҚШ-та теңіз түбегінде көмірсутек шикізатының қоры бар аймақтар сатыла бастаған. Осы жылдары Калифорниялық жағалауда 200 м қашықтыққа дейін жететін мұнай кенішінде көлбеу ұңғылар бұрғылана бастады. 1936 жылы Каспий теңізінің шельфінде, ал 1947 жылы Мексика шығанағы шельфінде свайлық негізі бар бұрғылау платформаларын тұрғызып құру басталды.

Қазіргі уақытта шельфте көп мөлшерде әртүрлі бұрғылау қондырғылары пайдаланылады. Жал сайын шамамен 1000 іздеу-барлау ұңғылары және 2000 пайдалану ұңғылары бұрғыланады. Жалпы әлемде 100000 ұңғылары бұрғыланған.